

З. Садвокасова* 

ҒЖБМ ҒК Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы
*e-mail: tungatar_k@mail.ru

РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚТАРДЫ ШОҚЫНДЫРУ САЯСАТЫ: НӘТИЖЕЛЕРІ (XIX Ғ. – XX Ғ. БАСЫ)

Аңдатпа.

Қазақстанның Ресей империясы құрамына кезең-кезеңмен өтуі нәтижесінде қазақ ақсүйектерінің және қараша халықтың өмірі түбегейлі өзгеріске ұшырады. Егер ақсүйектер – шынғыс тұқымы (төрелер) негізінен басқару құқығынан айрылса, қарапайым халық жер иелену құқығын жоғалтты. Сұлтандардың бір бөлігі әкімшілік бірліктің ең төменгі сатысы – болыстық құрылымды басқаруға қатыстырылды. Хан билігі жойылғаннан кейінгі кезеңде бір де бір сұлтанның генерал-губернаторлықты немесе губернияны, облысты басқару құқығы болмады. Сонымен қатар қазақ даласындағы басқарушы ақсүйектер қатары тұрғындардың азшылығын құрағаны белгілі. Сондықтан оларды сыйлықпен, лауазымды қызметпен, уәделермен Ресей жағына қарату оңай болатын.

Патша өкіметі өзінің позициясын түпкілікті нығайту үшін жергілікті тұрғындардың арасында өз жақтастарының санын көбейтуге мүдделі болды. Дегенмен «Патша мен Отанға» шын берілген сұлтандар және өзге де ауқатты қазақтар санаты жеткіліксіз саналды. Жергілікті жердегі отарлық әкімшіліктер мен орталықтағы патша өкіметі жергілікті тұрғындардың негізгі бөлігін өзіне қаратуды ойлады. Оларды қарудың күшімен немесе қорқынышта ұстаудың тиімсіздігін түсінді. Қалыптасқан мәселені шешуде діннің көмегіне сүйенуге бағыт алынды. Сондықтан орыс православиялық шіркеуі және оның қызметшілері тек орыс қоныстанушылары арасында уағыз айтумен шектелмей, мұсылман қазақтарды шоқындыру бағытын негізге алды.

Мақалада талданған басты жаңалық – қазақ даласын отарлау барысында мұнда қоныстандырылған орыс шаруалары мен шекаралық казак әскерлері отбасыларының арасында Патша өкіметі үшін қиындық туғызған және ойламаған нәрсенің бірі, олардың кейбіреулерінің христиандықтан шығып, мұсылман дініне өту тенденциясы болды. Кешегі орыс қоныстанушыларының арасында мұсылман болғандар Ресей империясының азаматтық және шіркеулік әкімшіліктерінің алаңдаушылығын және үрейін туғызды. Зерттеуде бұрын көп зерттелмеген осы тенденциялардың себептері, барысы және нәтижелері талданып, негізгі қорытындылар жасалды.

Негізгі сөздер: Ресей империясы, православие, миссионер, қазақтарды шоқындыру, орыс-қоныстанушылар, христиандықтан исламды қабылдау.

Кіріспе.

Зерттеуде XIX ғасыр мен XX ғасыр басында қазақ даласы тұрғындарының православие дінін қабылдағаны және орыс қоныстанушыларының мұсылмандыққа өтуінің тарихи фактілерін жүйелеу, талдау, қорытындылауға маңыз беріледі.

Жалпы кеңестік заманда дін мәселесі жабық тақырып болды. КСРО ыдырап, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан соң ғалымдар арасында діни тақырыпқа қызығушылық артты. Алғашында оған посткеңестік елдерінің зерттеушілері белсенділік танытып, мұның өзі бұрынғы кеңес республикаларында жүріп жатқан түбегейлі саяси-әлеуметтік өзгерістермен ұштастырылды. Атеистік коммунистік идеологияның орнына өзге идеялар мен көзқарастар жүйесі орныға бастады. Осындай жағдайда діни тақырыпты зерттеуге мүмкіндіктер туды. Әсіресе полиэтникалық және поликонфессиялық мемлекет негізінде қалыптасқан Қазақстан жағдайында бұл ізденістерге кеңінен жол ашылды.

Қазақ қоғамының этникалық біртұтастығының жойылуы отаршылдық күшейген XIX ғасырда басталғаны мәлім. Сол кезеңде Қазақстанға әртүрлі ұлттар мен дін өкілдері көптеп келе бастады. Ресейде жер жетпеген орыс, украин шаруалары өздерімен бірге өз мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін, тілдерін әкелді. Бұл процестермен қатар патша өкіметінің отаршылдық саясаты миссионерлік қызметке ерекше мән берді.

Православиелік шіркеу империяның шеткері ұлттық аймақтардың халықтарын орыс мәдениетіне икемдеу бағытында рухани-дүниетанымдық аккумуляцияға маңыз берілді. Осы кезеңде православиелік миссионерлердің басты нысаны қазақтың көшпелі тұрғындарын өз ықпалына түсіру еді. Олар қазақтардың дін мәселесіндегі жайбарақаттығын сезіп, көшпелі өмір салтына сәйкес мұсылмандық ережелерді сақтамайтын қазақтарды христиандыққа көшіру оңай болады деп ойлады. Православиені насихаттаушылар барлық әдіс-тәсілдерді қолданды. Кейбір шенеуніктер шіркеу басшыларымен бірлесіп, православиені қазақтар арасында таратуға қоныстанушы орыс тұрғындарын да пайдаланып, шоқындырудың әртүрлі нұсқаларын қолдануға тырысты. Орыстар мен қазақтар бірге тұратын аралас поселкелер салуға маңыз бергенмен, орыс шаруаларының бұған құлықсыздығын ескеріп, отаршылдық өкімет бұдан бас тарты. Дегенмен бұл проблеманы зерттеу барысында қазақтарды православиелік христиандыққа көшірудің алуан тәсілдерін қолдану фактілері болғандығы ашылды.

Ресей империясының қол астындағы территориялардағы діни саясаты күтпеген жағдайларды да туғызды. Бұл орыс қоныстанушыларының ерікті түрде ислам дінін қабылдау тенденциясы болатын. Орыстарды исламға күштеп енгізу фактілерінің болмағандығын сол замандағы дереккөздері де айқындайды. Өз еріктерімен мұсылмандыққа өткен орыс шаруалары оны қазақ даласында православиелік рухани мекемелердің болмауымен, немесе мұсылмандық өмір салтына қызығушылығымен түсіндірген. Деректер көрсеткендей, кейде исламды қабылдау жастар арасындағы үйлену, үй болу мәселесімен байланысты болған.

Мақалада зерттелген маңызды мәселе – діни қатынастар мәселесінде тағы бір көңіл аударарлық жағдай неофиттің, яғни ислам немесе христиандық дін ауыстырушылардың өз діндеріне қайтып келуі процесі.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Мақаланың деректік қоры кең ауқымды, қолданылған деректер бұл проблеманың барлық қырларын объективті түрде қарастыруға мүмкіндік берді. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ЦГАРК) және Ресей Федерациясының Омбы облыстық архиві (ГАОМО), Өзбекстан Республикасы мемлекеттік архиві (ЦГА РУ) қорларындағы құжаттық мәліметтерді саралау және ғылыми кітапханалардың құпия және сирек қорларындағы мәліметтер қазақ және орыс тұрғындарының діни өмірін ашуға ықпал етті.

Деректерді талдауда нақты-тарихи немесе идеографикалық (нарративтік) әдіс қолданылды. Бір діннен екінші дінге өту себептерін айқындауда себеп-салдарлық компаративтік талдау жасалды. Тарихи әдіс арқылы миссионерлердің православиені таратудағы қызметінің логикасы ашылды. Исламға «самарқау» қарайтын қазақтарды мұсылмандыққа өткізу саясатын жүргізген патша өкіметі енді оларды христиандандыруға көшті. Бұл қазақтарды ассимиляциялаудың, орыс бодандығын бекіту үшін ең тиімді бағыт саналды. Аталмыш мақалада мәселелер хронологиялық сабақтастықта қарастырылып, миссионерлік қызметтің салдарларын толық көрсетуге мүмкіндік берді.

Компаративтік әдіс арқылы қазақтардың шоқыну себептерін толық ашуға ықпал етіп, православиеге өтудің барлық тәсілдерін – насихаттан бастап, тұрмыстық қиын жағдайлардан құтылу үшін де шоқынуға мәжбүр болғанын көрсетеді. Талдау әдісі де қазақтардың христиандықты қабылдауының негізгі себептерін айқындау міндетін орындады. Орыс қоныстанушыларының мұсылмандыққа өтуін зерттеу олардың іс-әрекетін талдау арқылы жүргізілді. Бір діннен екінші дінге өтуді салыстыра отыра, олардың шешімдерінің алдамшы немесе шынайы болғандығын анықтауға болады.

Зерттеу проблемасының әртүрлі қырларын ортақ негізге көшіру, проблеманы толыққанды ашу синтез әдісі арқылы жүргізілді. Сөйтіп, Қазақстандағы Орыс православиелік шіркеуінің миссионерлік қызметін толық ашуға және орыс

қоныстанушыларына мұсылман қазақтардың тигізген ықпалын көрсетуге ықпал етті. Атап көрсететін жайт, қазақтарды христиандандыру ісінде тек орыс православиелік шіркеу өкілдері және миссионерлер ғана емес, азаматтық өкілдер де белсенділік танытты. Мысалы, отаршылдық аппараттың шенеуніктерінің есептік құжаттарында елді мекендердің климаты, тұрғындары, білімділік жағдайы, оқиғалар туралы деректермен қатар «қазақтарды шоқындыру» деген пункт бар, онда православиені қабылдаған қазақтар саны туралы мәліметтер енгізілген. Орыс қоныстанушыларының мұсылмандыққа өтуі туралы мәліметтер бұл есептерде кездеспейді, бұл фактілер миссионерлер мен шіркеу қызметкерлерінің есептерінен алынды.

Нәтижелер мен оларды талқылау.

Революцияға дейінгі орыс тарихнамасында миссионерлік қызмет және бір діннен екінші дінге өту мәселесін қарастырған арнайы зерттеулер жоқтың қасы. Десек те, революцияға дейінгі патша заманында бұл проблемалар фрагментарлы түрде бірқатар зерттеулерде көрініс тапқаны мәлім [1]. Оларда Қазақстан территориясындағы епархиялардың қызметі, қызметкерлер саны, діни білім беру, оқыту мекемелерінің жұмысы, шіркеу қызметкерлері мен миссионерлерді дайындау, ислам дінін сынау, қазақтарды шоқындырудың мүмкіндіктері мен перспективасы; орыс қоныстанушыларының исламды қабылдау себептері және т.с.с., фактілер келтіріледі.

Кеңестік тарихнамада діни тақырыпқа тыйым салынғандықтан, осы проблемаға қатысты еңбектер жоқтың қасы және сыни тұрғыда жазылған. Өйткені дінге қарсы насихат «жаңа кеңестік адамды» тәрбиелеу үшін жүргізілді. Мысалы, Л.Климовичтің 1936 жылғы «Ислам в царской России» (Патшалық Ресейдегі ислам) [2] атты еңбегі атеизм тұрғысынан жазылып, кеңестік насихат құралы болған. Мұнда «Ислам – патшалық Ресей саясатының құралы», «мұсылман діндарлары» – орыс империализмінің агентурасы», ал «панисламистер – идеологиялық провокаторлар» деген тұжырымдар жасалған.

1985 жылғы Кеңес қоғамын Қайта құру кезеңінде КСРО-да діни саясат түбегейлі өзгеріп, соған орай 1988 жылы, Русьтің православие дінін қабылдаған 1000 жылдығы кең көлемде атап өтілді. Кеңес өкіметі тұңғыш рет діни мейрамға ерекше көңіл бөлді. Кейін Кеңес Одағының ыдырауы нәтижесінде конфессия тақырыбына арналған көптеген ғылыми еңбектер сыни тұрғыдан жазылып [3], діни проблематиканы объективті зерттеуге жол ашылды.

Посткеңестік уақытта ислам тарихына арналған қазақстандық зерттеушілердің еңбектері жарыққа шықты: А.Султанғалиеваның «Ислам в Казахстане: история, этничность и общество» (Алматы, 1996); Н.Д. Нуртазинаның «Ислам в истории средневекового Казахстана: Историко-культурологическое исследование» (Алматы, 2000); З.Г. Джалиловтың «Ислам и общество в современном Казахстане» (Алматы, 2006).

Соңғы уақыттарда қазақстандық ғалымдар діни проблеманың сан-қилы аспектілерін, соның ішінде, XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы Қазақстандағы миссионерлер қызметін белсенді түрде қарастыра бастады [4]. Дегенмен, бұл проблеманың зерттелмеген тұстары жетерлік: тарихнамада Қазақстанды отарлау кезіндегі қазақтарды шоқындыру және қоныстанушы орыс шаруаларының исламды қабылдауының себептері мен нәтижелерін қарастырған зерттеулер болмады.

Патша өкіметі өз қол астындағы бұратана халықтарды христиандандыруда үлкен тәжірибе жинақтады. Православиелік қызметкерлер және миссионерлердің қызметі Ресей империясының шеткері аймақтарында тұратын басқа діндегі халықтарды шоқындырудан басталды. Қазақ жерлерін отарлау процесінде осындай жұмыстар қазақ арасында да жүргізіле бастады. Мұсылман дінін шектейтін, керісінше, православиеге өткізудің тиімді шарттары жасақталып, заңдардың бабтары өзгертілді. Сонымен қатар миссионерлер көшпелі қазақ бұқарасының қиын тұрмыстық жағдайларын пайдаланып, христиандық діннің артықшылықтарын дәріптейтін әдістер қолданды.

Әсіресе шекаралық линияларға жақын маңда көшіп жүрген қазақтар орыс православиелік шіркеуі мен миссионерлер ықпалына тез түсті. Миссионерлер оларға көшпелі өмірдің қиындығынан құтылудың амалы ретінде шоқындырып, отырықшы болуға үгіттеді. Қазақтарды шоқындырудың тағы бір амалы православие мен христиан шіркеуінің айрықша құдайлық қасиетін дәріптеп, жұт және малдың қырылу кезеңдерінде көшпелілерге көмек берді. Қазақтар тіпті орыстың қасиетті суымен (святая вода) мал-жанын ұшықтайтын болды. Осындай алдаусырату арқылы кейбір қазақтар өз дінін тастап, христиандыққа өтуге мәжбүр болды. Шіркеу мен миссионерлер тазалықтың (санитария) қарапайым тәсілдерімен ауру қазақтарға көмек беріп, оны діннің айрықша қасиеттілігі арқылы түсіндірді. Мысалы, босана алмай жатқан әйелдерге крест қойып, босандыру фактілері болған [5].

Ең бастысы, енді жергілікті халық арасынан болашақ миссионерлер дайындауға маңыз бере бастады. Өз халқының тілін, дәстүрін, өмір салтын білетін «шоқынған қазақтарды» шіркеу орыс миссионерлеріне қарағанда жоғары бағалады. Миссионерлік қызметке көбінесе жетім қазақ балалары тартылды, оларды орыс казактары, көпестері қазақтардан сатып алды. Әке-шешесіз қалған жетім балалар өзге ортаға түсіп, орыс әдет - ғұрыптарын, дінін бойына сіңірді. Бұл үдеріске император І Александрдың 1808 жылдың 26 мамырында қол қойған Жоғары мәртебелі Бұйрығы жол ашты. Онда «...дозволено всем российским подданным всякого состояния покупать и выменивать киргизских детей» - делініп, қазақ кедейлерінен балаларды сатып алуды заңдастырды [6]. Қазақ балаларының бағасы сатып алушының жағдайы мен көңіл-күйіне, қажеттілігіне қарай өзгеріп отырды. Мысалы, бір көпес баланы («киргизенка») 25 рубльге сатып алса, екіншісі 150 рубльге алған [7].

1825 жылы жоғарыда көрсетілген заң («покупка киргиз, калмыков и прочих азиатцев») шартты түрде жойылғанмен, «енді Сібірдегі каторгадағы қылмыскерлер мен сотталушыларға әйел алып, жерсіндіру мақсатында көршілес көшпелі аймақтардан қыз балаларды сатып алуға рұқсат берілді [8]. Осылайша заңды және заңсыз жолмен сатып алынған кішкентай қыздар орыс отбасыларында шоқындырылып, олардың тілін, дәстүрлері мен әдеттерін бойына сіңіріп, түрмеден босатылған қылмыскерлерге тұрмысқа шығып, азап тартты.

Православиелік діндарлар өздерінің арнаулы миссияларын құрмай тұрып-ақ қазақтарды шоқындырумен белсенді түрде айналысты, олардың қызметі туралы мәліметті Тобыл епархиясының қысқаша очеркінен кездестіруге болады, онда арнаулы миссияның болмағанына қарамастан шоқындыру жүргізілгені жазылған: «с 1860 по 1865 гг. просвящено Святым Крещением 149 душ». 1881 жылы ашылған Қырғыз діни миссиясының құрылымы архимандрит шеніндегі басқарушыдан, 4 бекет пен 11 қызметкерден тұрған, 1890 жылға дейін Қырғыз діни миссиясы жергілікті қазақтарды христиандандыруға дайындық жұмыстармен айналысқан [9]. 1883 жылы қазақ жерінде 14 миссионерлік бекет құрылып, оларда қазақ балалары үшін 17 миссионерлік мектептер ашылған. Алайда Қырғыз діни миссиясының жұмысы онша табысты болмай, қазақтарды шоқындыру өте баяу жүрген, 1906 жылы шоқынған бұратана саны тек 19 адам болса, оның тек 8 қазақ болған. Ресейдің «Речь» газеті бұл туралы әрбір шоқынған адам Қырғыз діни миссиясына қымбатқа түскенін келтірген: «стоил более 700 рублей» [10].

Миссионерлер шоқындыру үшін өз жұмысында ауру адамдарды да көзден таса қылмады. Мысалы, «истерикалық-эпилепсиямен ауыратын» қазақ әйелін есін білмейтін жағдайында шоқындырып, православие шіркеуі аясына алған [11]. Кейде ойлануға уақыт бермей, 2-3 күнде ес жидырмай шоқындыру фактілері болған, мысалы, Айша Кульджебекова деген қазақ әйелін 1896 жылы 2-5 сәуір аралығында шоқындыру рәсіміне дайындаған. Қазан айында осы әйел, өзін еріксіз, алдаумен шоқындырғаны жөнінде Жетісу облыстық Прокурорына арыз берген. Осылайша сотта оның мұсылмандықты тастап православиеге өтуі заңсыздықпен, бірнеше күн бойына арақ беріп, мас қылу арқылы

жүргізілгені анықталған, «крещена была обманом, будучи спиваема в течение нескольких дней водкой» [12]. Тексеру барысында шіркеу қызметкерінің бұл әрекеті айыпталып, Қасиетті Синод бұйрығы бойынша дінді бұлайша ауыстыру саналы түрде кем дегенде 40 күнде жүргізілуі талап етілген [13].

Ресейдегі бұрынғы 2 миссионерлік қоғамға қосымша 1863 жылы жаңа ұйым – «Общество для распространения Священного писания в России» құрылды. Православие шіркеуінің шоқындыру қызметін жетілдіру үшін 1889 жылы Қазан қаласында Бүкілресейлік миссионерлік курстары ашылып, бұратана халықтардың тарихы, мәдениеті, этнографиясы, діни көзқарастарын жақсы білетін, діни пікірталасқа икемді, кішігірім приходтарды басқаратын ауылдық, селолық священниктер дайындау мақсаты қойылды. Курс тыңдаушылары алған білімдерін бекіту, тіл үйрену және миссионерлікке машықтану үшін бұратана халықтар тұратын қоныстарға жіберілді. Мысалы, 1900 жылы жазғы демалыс кезінде осы курстың бірінші курс тыңдаушылары И.Хохлов – Торғай және Орынбор облыстарына, 1902 жылы Н.Краморенко – Бөкей Ордасына, В.Андреевский мен И.Савичев – Астрахань губерниясына» жіберілген [14]. Кейін бұлар белгілі ғалым,шығыстанушы ретінде қазақтар туралы этнографиялық зерттеулердің авторлары болды.

Православие шіркеуі діндарлары қазақтар ішінен өз жақтастарын көбейтуге мүдделі еді. Сондықтан бұл іске жергілікті халық өкілдерін қатыстырудың маңызын түсінді. Айрықша маңыз әйелдерге берілді, өйткені өзін еркін ұстайтын, қазақ қоғамында елеулі орны бар қазақ әйелі миссионерлерге тамаша жақтас болады деп үміттенді. Осындай жақтас әйелдердің қатарынан Орал өңірінің тумасы, 1877 жылы шоқындып, Мария Кабанова атанған қазақ әйелі еді. Оның қазақи тегі туралы құжаттарда еш мәлімет жоқ. Христиандықты қабылдаған ол миссионерлерге қазақтарды шоқындыру ісіне атсалысқан. Оның бұл жұмысын Москвадағы Миссионерлік қоғамның Православиелік кеңесі жоғары бағалап, қазақтарды шоқындыруға құқық беретін куәлік берген. Құжат алған М.Кабанова қазақтарды шоқындырудағы жетістігі үшін Миссионерлік қоғамнан жалақы алған [15]. Осылайша, шоқынған қазақ әйелдері орыс миссионерлеріне көмектесіп, қазақи дәстүрлерді, адамгершілік, рухани, отбасылық негіздерді жоюда «Трояндық ат» рөлін атқарған.

Миссионерлер көшпелі қазақтарды шоқындыруда неше түрлі айла-амалдарға барған. Шоқынды санын көбейту үшін қазақтарды арақ ішуге үйрету ұсынылды. Орыс-қазақ отбасыларын құру, қазақ жігіттерін орыс қыздарына үйлендіріп, араққа үйретіп шоқындыру көзделді. Мұндай аралас некеден туғандар міндетті түрде православиені қабылдауы тиіс болды.

Алайда қазақтарды шоқындыру миссионерлерге оңай болмады. Шоқынғандардың өздері мұсылмандықтан толық бас тартпады. Керісінше, біраз уақыттан соң және қартайған шағында исламға қайту арыздарын беріп, ата-баба салтынан күдер үзе алмайтындықтарын мәлімдеді. Мысалы, қазақ әйелі Сүйменде Алпысова, шоқынғаннан соң Пелагея Петровна боп, 70-жасында қайтадан мұсылмандыққа өтуге арыз берген. Бұл әйел шоқынуды жүрегімен қаламағанын, тек әкесі шалға күйеуге беретін болғасын, амалсыздан христиандықты қабылдағанын айтып, сотқа жүгінген. Оған священниктің христиандықтан бас тартпау туралы ақыл-кеңесі де, тоқтау салуы да әсер етпеген, мұсылмандыққа қайту шешімін жүрекпен қабылдағанын жеткізген [16].

1914 жылы шоқынған қазақтардың Семей губернаторына осындай 30 арызы жолданған. Көп жағдайда олар шоқыну себептерін әртүрлі қиын тұрмыстық жағдайлар есебінен түсіндірген, христиандықтан күйзеліске ұшырап, қиналғандарын айтқан. Мұндай ауыр жүктен құтылып, өкіметтен бұрынғы дініне қайтуға рұқсат сұраған. Шоқынған қазақтардың өзі христиандық сенім туралы еш түсінігі болмаған, кейде шоқынған қазақ өзінің христиандық атын да ұмытып, қазақша атымен өмір сүрген [17]. Бірақ шоқынған қазақтар арасында шынайы христиан боп орыстанғандары да жоқ емес.

Қазақ даласында қоныстанушы орыс шаруалары мен казак орыстар арасында керісінше, мұсылмандықты қабылдау фактілері де кездеседі. Олар жаңа жерге икемделу үшін әуелі тіл үйреніп, исламды, қазақтың әдет-ғұрпын өмір салтын қабылдаған. 1892 жылы жаз мезгілінде Торғай облысы маңындағы қазақ ауылдарымен көршілес отырған орыс селоларында болған миссионер Соколов мұндағы орыстардың христиандық ғұрыптарды орындамайтына қынжылыс білдірген: («... в Бестюбе по 20 лет не исполняют христианского долга исповеди. У крестьянина Егора Зюрикова дети говорят по-киргизски и плохо знают русский язык. Его сын Иван (15 лет) обучался в ауле у муллы» [18]. 42 күнде 1070 шақырым жүріп, қазақ арасында өмір сүріп жатқан 1596 орыс қоныстанушыларын аралаған миссионер олардың бәрінің орыс тілін ұмытқанын келтіреді.

Атақты этнограф және саяхатшы, Шоқан Уәлихановтың досы Н.Потанин өзінің «Заметки о Сибирском казачьем войске» атты еңбегінде де орыс-казактардың қазақ тілін жақсы меңгергенін жазса, қазақ даласын аралаған орыс саяхатшылары да казак әскерлері мен бұқарасының тұрмыстық және қызметтік киімдерінің қазақ шапандарына ұқсайтыны, белгілі шығыстанушы Н.М. Ядринцев орыс казактары дала жағдайында өз шаруашылықтарын өзгертіп, мал өсірумен айналысқаны жөнінде деректер келтіреді [19].

Ұшы-қиырсыз кең даладағы өмірге көндіккен және Ресей қалаларынан, өркениеттен оқшауланған орыс қоныстанушыларының дала жағдайына икемделуін православиелік діндарлар да, миссионерлер де түсінген. Өйткені қазақ даласын отарлаудың бастапқы кезеңінде отарлық әкімшілік орыс қоныстанушыларын православиелік шіркеулермен қамти алмаған. Қоныстанушылар христиан шіркеулері бар жерлерден 30, тіпті 100 шақырым алыста болып, әрі священниктер христиандық рәсімдер мен мерекелерді өткізу үшін андасанда, жылына 6-7 рет келетін болған [20].

Кейбір қоныстанушылар жаңа жерге бекіну үшін жергілікті халықпен байланыста өмір сүру керектігін түсініп, жергілікті халықтың дініне, исламға өткен. Бұл отарлық әкімшілік пен миссионерлер күтпеген жағдай болды. Отарлық әкімшілік мекемелерінің жергілікті органдары орыс қоныстанушыларын исламның ықпалынан сақтап қалу үшін олардың материалдық жағдайын жақсартуға кірісті. Оларды қазақ қауымдарынан жоғары қойып, жергілікті қазақтарды оларға кіріптар етуге тырысты. Әсіресе, әрбір орыс поселкелерінде ашылған шіркеулік-приход мектептері мұсылмандыққа қарсы миссионерлік қызмет атқарды [21]. Бұл мектептердің басты мақсаты орыс қоныстанушыларын басқа діннен қорғап, отарлық әкімшіліктің және христиан шіркеуінің жақтастарына айналдыру еді.

Бірақ бұл маңызды шаралардың өзі қоныстанушылардың жағдайларын түзей алмады. Оның үстіне христиандық миссионерлер де көшпелі қазақтарды кең көлемде православие дініне тарта алмады. Далалықтарға Христос ілімін уағыздай жүріп, православиелік діндарлар қазақтарды шоқындыру үшін әртүрлі тәсілдерді қолданып бақты: марапаттар, және шоқынғандарға жер телімін беру, жергілікті отарлық әкімшілік жұмысына тартуды жүзеге асырды. Керісінше, христиандардың мұсылмандыққа өту процесіне шектеу қойылды. Мысалы, 1914 жылдың наурызында Далалық генерал-губернаторға Томск губерниясы, Барнаул уезі, Чернокурьянск болысының тумасы Толстиков Осип Михайлович православие дінінен шығып, мұсылмандыққа өту туралы арыз берді. Ол осы мәселемен бірнеше жыл бұрын, 1911 жылы тамызда, Омбы Діни Консистериясына да арызданған. Облыстық діни ұйым оның арызын қабылдамай, онымен түсінік жұмыстары жүргізілгеніне қарамастан, арызданушы райынан қайтпаған.

Оны бұл әрекеттен ата-анасы да тайдыра алмаған, әке-шешесінің талабымен Томск монастырінде 3 жыл тыңдаушы болса да, бәрібір мұсылмандыққа бет бұрған. Ал 1904 жылы ол көшпелі қазақтар арасына барып, Павлодар уезінің Урук болысына көшіп барып, қазақ, араб тілдерін үйреніп, мұсылман болған. Соған қарамастан Толстиковтің мұсылман дінінде Абдулла Адамов тегін алу жөніндегі өтініш орындалмаған. Өйткені Сенатқа 1905 жылдың

17 сәуірінде берілген Атаулы Жоғары Бұйрықтың 3 пункті бойынша христиандықтан басқа сенімге өту арыз берушінің тегінде мұсылмандық болмаса рұқсат етілмейтін. Осы заңға орай Толстиковтың өзі немесе ата-анасының мұсылмандыққа қатысы жоқтығы ескеріліп, оның христиандықтан мұсылмандыққа өту арызы қанағаттандырылмаған [22].

Ислам дінін христиандармен қатар басқа конфессия өкілдері де қабылдағанын отарлық әкімшілік басқару органдарының құжаттары айғақтайды. 1910 жылы Семей облысында 27 орыс христиандықтан бас тартып, оның 13-і исламға өткен, қалғандары баптизм, иудаизм, және басқа діндерге кірген. Мұсылмандық қабылдаған орыстар қазақи өмірді саналы түрде қалаған. Осындай бір құжатта Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы атына 1911 жылы Зумер деген еврейдің мұсылмандыққа өту туралы берген өтініші кездеседі, келесі бір өтініш Сырдария басқару мекемесіне орыс шаруасы Никифор Слободиннен түскен, онда бұл отбасының барлық мүшелері – 7 адам мұсылмандыққа өтуге ұсыныс берген [23].

Қазақ даласындағы отарлық басқару мекемелері және шіркеу қызметкерлері орыс адамдарының православие дінінен безіп, мұсылмандыққа өткендердің себеп-салдарын зерттеп, исламға күштеп енгізу болмағанын атап көрсеткен. Олардың көбінің дала жағдайына икемделу қиындығынан, материалдық жағдайдың нашарлығы есебінен осындай қадамдарға барғаны анықталған. Мысалы, Түркістандық Ташкенттік епископ 1910 жылы наурызда мұсылмандыққа өту себептерін исламдық өмір-салты, өзара көмек жүйесі, және ислам ережелерінің тиімділігімен түсіндірген [24].

Мұсылмандыққа өтуде орыс шаруалары өз таңдауын Орыс императорының 1905 жылғы 17 сәуірдегі бұйрығындағы «сенім еркіндігі» құқығына сүйенсе де, бұрынғы заңнамалық құжаттарда ақырғы сөз шенеуніктерде боп, рұқсат алу өте қиын болған [12. – 45]. Сонымен қатар заңда православиеден бас тартқаны үшін жазалау шаралары қарастырылып, христиандардың исламға өтуіне кедергілер қойылған. Мысалы Бородихина деген әйелдің исламға өту фактісінде полиция оның 2 айлық және 2 жасар балаларын тартып алу арқылы [13. – 2] кедергі жасаған.

Дегенмен 1905 жылғы 17 сәуірдегі император бұйрығынан соң православие дінінен исламға өту фактілері көбейген. Түркістандық Ташкенттік епископтың есебі бойынша 1907 жылы Түркістанда 500 орыс қыздары исламды қабылдаған.

«Орыс қызының айтуға тұрарлық қайғылы тағдыры» атты деректе 13-14 жастағы орыс қызы Варвара Черепанованың 1863 жылы қоқандықтарға тұтқынға түскені баяндалады. Өңгіме авторы 1866 жылы Ташкенте болған кезінде тұтқын қыздың тағдырын сұрастырып, оның хан сарайында, хан анасының қызы боп өмір сүріп жатқанын, исламды қабылдағанын, араб тілін үйренгенін, тұрмысқа шығып, уәзірдің (құсбегі) әйелі болғанын» жазған [25].

Автор мұны қайғылы оқиға етіп суреттейді. Мұнымен салыстырғанда каторжниктерге жастай әйелдікке зорлап берілген қазақ қыздарының тағдыры аса аянышты. Орыс қызы хан сарайында тұрса, орыс отбасында жалшы боп, қылмыскерлерге күйеуге беріліп, көп жағдайда 25-тен аспай өмірден өткен қазақтың балауса қыздарының тағдырына ешкімнің жаны ашымаған. Автор орыс қыздың исламды қабылдауын қиянат санайды. Ал қазақтың балиғатқа жетпеген қыздарын императордың бұйрығымен-ақ еріксіз шоқындыру қиянат емес, орыс адамының «қасиетті миссиясы» саналған. Отарлық әкімшіліктер исламға өткен әрбір орыс адамының тағдырын зерттеп, христиан дінінен безуіне тыйым салып, тағдырына араласып отырса, патша бұйрығымен еріксіз сатылған, шоқындырылған сәби қазақ қызының кейінгі тағдырын ешкім зерттемеген. Тек олардың қаншасы шоқынғаны, қанша рубльге сатылғаны, немесе «сыйға тартылғаны» туралы деректер ғана бар.

Орыс әйелдерінің өз діндерінен безу фактілері де әртүрлі себептерге байланысты болған. Қазақ әйелдері сияқты олардың кейбірі ғана өмірлік қиындықтар мен тағдыр тауқыметі себебінен дінін ауыстырса, қалғандары өз еркімен, мұсылманға тұрмысқа

шығып, исламға өткен. Жалпы орыс адамдарын өз дініне қайтару жүйелі жүргізілсе, қазақтарды шоқындыруға жергілікті отарлық басқармалар соншалықты мүдделі болған.

Қорытынды.

Осылайша, қазақ даласындағы Ресейдің отарлық әкімшілік басқару органдары қазақтар мен бұратана халықтарды шоқындыруды оларды ассимиляциялаудың, яғни орыстандырудың бастапқы қадамы ретінде қарастырды. Қазақтарды христиандандыру үшін олардың ұстанатын діні туралы мәліметтер жинақталды. Орыс әкімшілігі қазақтардың шынайы мұсылмандығына, діни сенімдеріне күдікпен қарап, оларды шоқындыруға басты маңыз берді және оның нәтижелі болатынына сенді. Ресей бұратаналарын шоқындыруда үлкен тәжірибе жинақтаған православие діндарлары қазақтарды шоқындыруда үлкен қиындықтарға тап болды.

Қазақтарды шоқындыруда шіркеу қызметкерлері сан-алуан тәсілдерді қолданды, Орыс-қазақ отбасыларын құру, араққа үйрету, тұрмыстық қиын жағдайлар мен жұт пен мал қырылу кезеңдерінде көмек беру, ауру адамдарды православие дінінің қасиетті суымен ұшықтау, тағы басқа да алдау, арбау әрекеттері нәтижесінде бірқатар қазақтар православие дініне өтіп, шоқындырылды.

Православие шіркеуі, әсіресе, қазақ әйелдерін шоқындыруға маңыз берді. Әйелдің қазақ қоғамындағы маңызды орны, еркіндігі есепке алынып, христиандықты таратуда шіркеудің жақтасы ету мақсаты қойылды. Бұл бағытта тағдыр тәлкегі мен тұрмыстық қиындықтар мен білімсіздік салдарынан бірқатар қазақ әйелдері христиандықты қабылдады. Дегенмен миссионерлер мен шіркеу қызметкерлерінің қазақтарды шоқындырып, ассимиляциялау процестері өз мақсатына жеткен жоқ. Кейін құрылған діни миссионерлік ұйымдардың белсенді қызметтеріне қарамастан шоқынған қазақтар саны өте аз және олардың исламға қайту тенденциялары басым болды. Сонымен қатар орыс қоныстанушылары арасында христиандықтан безініп, мұсылмандыққа өту үдерістері жүрді. Оны отаршылдық әкімшілік қатаң бақылауда ұстады және орыс шаруаларының мұсылмандыққа өтуіне заңдық кедергілер қойды. Дегенмен қарастырылып отырған кезеңдегі діни ахуал патша өкіметі ойлағандай мақсатына жете алмады. Орыс және қазақ отбасылық байланыстары жаңа жағдайларға бейімделу және ерікті түрде діни сенімдерді қабылдау (үйлену, тұрмысқа шығу, т.б.) негізінде, саясатқа тәуелді емес жағдайларда қалыптасты. Алайда бұл басым тенденция емес еді.

Мақала ҚР ЖБҒМ ҒК ОР11465469, 7 томдық «Ежелгі замандардан қазірге дейінгі Қазақстан тарихы» академиялық басылымын жасақтау жобасы аясында дайындалған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Голошубин И. Справочная книга Омской епархии. — Омск. — 1914. — 1250 с.
- 2 Климович Л. Ислам в царской России. — М. — 1936. — 387 с.
- 3 Корзун М.С. Русская православная церковь на службе эксплуататорских классов. X-1917 год. — Минск, — 1984. — 255 с.
- 4 Садвокасова З.Т. Духовная экспансия царизма в Казахстане в области образования и религии (Половина XIX - начало XX веков). — Алматы. — 2005. — 277 с.
- 5 Сотников И. Несколько слов о возможности учреждения миссии между киргизами Средней Орды. Православное обозрение. — М. — 1872. — С. 772-790
- 6 Крафт И.И. Сборник узаконений об управлении областями Акмолинской, Семипалатинской, Семиреченской, Уральской и Тургайской. Свод законов. — Оренбург. — Т. II. — 1898.
- 7 Центральный Государственный архив Республики Казахстан. — Ф. 4. — Оп. 1. — Д. 4621. — Л. 3-13
- 8 Кузнецов Л.А. Краткий исторический очерк города Петропавловска Акмолинской области. — Петропавловск. — 1913. — 87 с.
- 9 Центральный Государственный архив Республики Казахстан. — Ф. 64. — Оп. 1. — Д. 595. — Л. 39-45

- 10 Асылбеков М.Х., Жаркенова А.М. Население Казахстана в конце XIX - начале XX вв. (1897-1917 гг.). — Алматы: Оркениет, — 2001. — 31 с.
- 11 Центральный Государственный архив Республики Казахстан. — Ф. 76. — Оп. 1. — Д. 28. — Л. 1-7
- 12 Центральный Государственный архив Республики Казахстан. — Ф. 393. — Оп. 1. — Д. 129. — Л. 13-19
- 13 Центральный Государственный архив Республики Казахстан. — Ф. 393. — Оп. 1. — Д. 140. — Л. 5-9
- 14 Образование и просвещение в губернской Казани. — Вып.1. — Казань. — 2008. — 110 с.
- 15 Центральный Государственный архив Республики Казахстан. — Ф. 707. — Оп. 1. — Д. 16. — Л. 22-23 об.
- 16 Центральный Государственный архив Республики Казахстан. — Ф. 15. — Оп. 1. — Д. 403. — Л. 71-75
- 17 Государственный архив Омской области (Российская Федерация). — Ф. 16. — Оп. 1. — Д. 115. — Л. 14-17
- 18 Центральный Государственный архив Республики Казахстан. — Ф. 318. — Оп. 1. — Д. 49. — Л. 83-88 об.
- 19 Ядринцев Н.М. Сибирские инородцы, их быт и современное положение. — СПб. — 1891. — 264 с.
- 20 Государственный архив Омской области (Российская Федерация). — Ф. 16. — Оп. 1. — Д. 56. — Л. 12-47
- 21 Центральный Государственный архив Республики Казахстан. — Ф. 64. — Оп. 1. — Д. 450. — Л. 30-88 об.
- 22 Центральный Государственный архив Республики Казахстан. — Ф. 64. — Оп. 1. — Д. 3853. — Л. 16-30
- 23 Центральный Государственный архив Республики Узбекистан. — Ф.И-17. — Оп.1. — Д. 2058. — Л. 102-107
- 24 Центральный Государственный архив Республики Узбекистан. — Ф.И-182. — Оп. 1. — Д. 53. — Л. 3-16
- 25 Всеподданнейший отчет Обер-Прокурора Святейшего Синода Победоносцева по ведомству Православного исповедания за 1886 год. — СПб. — 1888. — 115 с.

ПОЛИТИКА РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ ПО ХРИСТИАНИЗАЦИИ КАЗАХОВ: РЕЗУЛЬТАТЫ (XIX – НАЧАЛО XX ВЕКОВ)

Аннотация.

Казахстан постепенно входя в состав Российской империи значительно меняла жизнь, как казахской аристократии, так и простого народа. Представители казахской аристократии в основном лишались права управления, а простое население со временем теряло права на свою родную землю. Не все, но часть султанов были привлечены к управлению низшее сословие административной единицы – волостью. За все время после ликвидации ханской власти ни один султан не являлся главой генерал-губернаторства или области. Варианты к выбору населения была немногочисленна. Ее без проблем, можно было повернуть в свою сторону должностями, обещаниями и различными подкупам.

Для четкого и крепкого развития своих позиций Российской империи необходимо было увеличить число коренного населения среди тех кто поддержит их политику. Обойтись лишь одними султанами и другой обеспеченной категорией казахов, преданных «царю и Отечеству» было недостаточно. Колониальная администрация в регионе и царское правительство в столице постоянно находилась в состоянии беспокойства, ведь от того что, постоянно умирять народ силой оружия или держать в страхе было довольно сложно. И конечно нужно было найти выход где некоторой степени решить проблему могла религия. Русская православная церковь и ее служители должны были читать проповедь не только переселенческий народ, но и переманивать к своей религии иноверцев – казахов.

Неожиданной стороной для царского правительства стали факты отпадения от православия русских казаков и крестьян. Появление омусульманившихся переселенцев среди вчерашних единоверцев вызывало озабоченность и тревогу гражданской и церковной администраций Российской империи.

Ключевые слова: Российская империя, православие, миссионеры, крещение казахов, русские переселенцы, принятие ислама.

POLICY OF THE RUSSIAN EMPIRE ON THE CHRISTIANIZATION OF KAZAKHS: RESULTS (XIX – EARLY XX CENTURIES)

Abstract.

With the phased entry of Kazakhstan into the Russian Empire, life radically changed, both the Kazakh aristocracy and the common people. If representatives of the white bone - Genghisids were mainly deprived of the right to govern, then a significant part of the population eventually lost their rights to land. Some of the sultans were involved in the leadership of the lower stage of the administrative unit - the volost. For the entire period after the liquidation of the khan's power, not a single sultan was the head of the governor general or the region. The population category in question was sparse. It was easier for her to turn in her direction with various gifts, posts, promises.

To finally strengthen its position, the tsarist government needed to increase the number of its supporters among the indigenous population. Limiting yourself to the sultans and another secured category of Kazakhs devoted to the "tsar and Fatherland" was not enough. The colonial administration on the ground and the tsarist government in the capital worried the bulk of the population. It was quite difficult to constantly pacify her with the power of a weapon or keep her at bay. To some extent, religion could help solve this problem. Therefore, the Russian Orthodox Church and its ministers had to preach not only among the immigrants, but also attract non-believers - Kazakhs to the fold of their religion.

An unexpected side for the tsarist government was the facts of the fall from Orthodoxy of Russian Cossacks and peasants. The appearance of omusulmanized immigrants among yesterday's co-religionists caused concern and alarm to the civil and church administrations of the Russian Empire.

Key words: Russian Empire, Orthodoxy, missionaries, Christianization of Kazakhs, the colonist-Russians, adoption of Islam.

REFERENCES

- 1 Goloshubin I. Spravochnaya kniga Omskoi eparkhii [*Reference book of the Omsk diocese*]. Omsk. 1914. 1250 p. [in Russian]
- 2 Klimovich L. Islam v tsarskoi Rossii [*Islam in Tsarist Russia*]. M. 1936. 387 p. [in Russian]
- 3 Korzun M.S. Russkaya pravoslavnaya tserkov na sluzhbe ekspluatatorskikh klassov [*The Russian Orthodox Church at the service of the exploiting classes*]. X-1917 g. Minsk. 1984. 255 p. [in Russian]
- 4 Sadvokasova Z.T. Dukhovnaya ekspansiya tsarizma v Kazakhstane v oblasti obrazovaniya i religii (II polovina XIX - nachalo XX vekov) [*Spiritual expansion of tsarism in Kazakhstan in the field of education and religion (II - half of the 19th - early 20th centuries)*]. Almaty. 2005. 277 p. [in Russian]
- 5 Sotnikov I. Neskolko slov o vozmozhnosti uchrezhdeniya missii mezhdru kirgizami Srednei Ordy // Pravoslavnoe obozrenie [*A few words about the possibility of establishing a mission among the Kyrgyz of the Middle Horde // Orthodox Review*]. M. 1872. P. 772-790 [in Russian]
- 6 Kraft I.I. Sbornik uzakonenii ob upravlenii oblastyami Akmolinskoi, Semipalatinskoi, Semirechenskoi, Uralskoi i Turgaiskoi [*Collection of laws on the management of the regions of Akmola, Semipalatinsk, Semirechensk, Ural and Turgai. Code of laws*]. Orenburg. T.II. 1898. 531 p. [in Russian]
- 7 Tsentralnyi Gosudarstvennyi arkhiv Respubliki Kazakhstan [*Central State Archive of the Republic of Kazakhstan*]. F. 4. Op. 1. D. 4621. P. 3-13 [in Russian]
- 8 Kuznetsov L.A. Kratkii istoricheskii ocherk goroda Petropavlovsk Akmolinskoi oblasti [*Brief historical sketch of the city of Petropavlovsk, Akmola region*]. Petropavlovsk. 1913. 87 p. [in Russian]
- 9 Tsentralnyi Gosudarstvennyi arkhiv Respubliki Kazakhstan [*Central State Archive of the Republic of Kazakhstan*]. F. 64. Op. 1. D. 595. P. 39-45 [in Russian]
- 10 Asylbekov M.H., Zharkenova A.M. Naselenie Kazakhstana v kontse XIX - nachale XX vv. (1897-1917 gg.) [*Population of Kazakhstan at the end of the 19th - beginning of the 20th centuries. (1897-1917)*]. Almaty: Orkeniet. 2001. 31 p. [in Russian]
- 11 Tsentralnyi Gosudarstvennyi arkhiv Respubliki Kazakhstan [*Central State Archive of the Republic of Kazakhstan*]. F. 76. Op. 1. D. 28. P. 1-7 [in Russian]
- 12 Tsentralnyi Gosudarstvennyi arkhiv Respubliki Kazakhstan [*Central State Archive of the Republic of Kazakhstan*]. F. 393. Op. 1. D. 129. P. 13-19 [in Russian]
- 13 Tsentralnyi Gosudarstvennyi arkhiv Respubliki Kazakhstan [*Central State Archive of the Republic of Kazakhstan*]. F. 393. Op. 1. D. 140. P. 5-9 [in Russian]
- 14 Obrazovanie i prosveshchenie v gubernskoi Kazani. Vyp. 1. Kazan. 2008. 110 p. [in Russian]
- 15 Tsentralnyi Gosudarstvennyi arkhiv Respubliki Kazakhstan [*Central State Archive of the Republic of Kazakhstan*]. F. 707. Op. 1. D. 16. P. 22-23 ob. [in Russian]
- 16 Tsentralnyi Gosudarstvennyi arkhiv Respubliki Kazakhstan [*Central State Archive of the Republic of Kazakhstan*]. F. 15. Op. 1. D. 403. P. 71-75 [in Russian]

- 17 GAOmO – Gosudarstvennyi arkhiv Omskoi oblasti (Rossiiskaya Federatsiya) [State Archive of the Omsk Region (Russian Federation)]. F. 16. Op. 1. D. 115. P. 14-17 [in Russian]
- 18 Tsentralnyi Gosudarstvennyi arkhiv Respubliki Kazakhstan [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. F. 318. Op. 1. D. 49. P. 83-88 ob. [in Russian]
- 19 Yadrintsev N.M. Sibirskie inorodtsy, ikh byt i sovremennoe polozhenie [Siberian foreigners, their life and current situation]. SPb. 1891. 264 p. [in Russian]
- 20 Gosudarstvennyi arkhiv Omskoi oblasti (Rossiiskaya Federatsiya) [State Archive of the Omsk Region (Russian Federation)]. F. 16. Op. 1. D. 56. P. 12-47 [in Russian]
- 21 Tsentralnyi Gosudarstvennyi arkhiv Respubliki Kazakhstan [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. F. 64. Op. 1. D. 450. P. 30-88 ob. [in Russian]
- 22 Tsentralnyi Gosudarstvennyi arkhiv Respubliki Kazakhstan [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. F. 64. Op. 1. D. 3853. P. 16-30 [in Russian]
- 23 Tsentralnyi Gosudarstvennyi arkhiv Respubliki Uzbekistan [Central State Archive of the Republic of Uzbekistan]. F. I-17. Op. 1. D. 2058. P. 102-107 [in Russian]
- 24 Tsentralnyi Gosudarstvennyi arkhiv Respubliki Uzbekistan [Central State Archive of the Republic of Uzbekistan]. F. I-182. Op. 1. D. 53. P. 3-16 [in Russian]
- 25 Vsepoddanneishii otchet Ober-Prokurora Svyateishego Sinoda Pobedonostseva po vedomstvu Pravoslavnogo ispovedaniya za 1886 god [The most humble report of the Chief Prosecutor of the Holy Synod Pobedonostsev for the Department of the Orthodox Confession for 1886]. SPb, 1888. 115 p. [in Russian]

Information about authors:

Zakish Sadvokasova – **corresponding author**, doctor of historical sciences, professor, chief researcher of the Institute of History and Ethnology Ch.Ch.Valikhanov, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: tungatar_k@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8659-3024>

Информация об авторах:

Закиш Садвокасова – **основной автор**, доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии имени Ч.Ч.Валиханова, г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail: tungatar_k@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8659-3024>

Авторлар туралы ақпарат:

Закиш Садвокасова – **негізгі автор**, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: tungatar_k@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8659-3024>